



Автор: Сарсенбаева Жулдыз Нуржауовна

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 3- сынып


Бөлім: Компьютер және программалар (ортақ тақырып: «Жанды табиғат»)


Тақырып: Программалар терезесі

Сабақ мақсаты	Барлық оқушылар: компьютерлік программаларда меню командаларын қолданады. Көптеген оқушылар:терезе түрлерімен таннысады. Кейбір оқушылар: мәтінді Блокнот программасында тере алады.
Бағалау критерийлері	Компьютерлік программаларда меню командаларын қолданады. Терезе түрлерімен таннысады. Мәтінді Блокнот программасында тере алады.адамдар неге тату өмірсүрукерекекенінтүсінеді.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Жаңа топ құру Қапшыққа салынған саны бірдей қызыл,сары,жасыл шариктер таңдап алуды ұсынамын. Осы түстер бойынша оқушыларды 3 топқа бөлемін: 1-топ: «Мергендер» (қызыл түсті) 2-топ: « Ептілер » (сары түсті) 3-топ: « Жүйріктер» (жасыл түсті) Жұмыс ережесін келісу Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! Уақытты үнемдейміз! Нақты, дәл жауап береміз! Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! Алдыңғы білімді еске түсіру «Еркін талқылау» Бұны шағын топта қалай болса, сондай-ақ барлық сыныппен орындауға болады. Құрылымы болмағандықтан, бұндай талқылауда көмек керек болуы мүмкін. Көмекті мұғалім көрсете алады, бірақ жұмыс топтарда өтсе мұғалім барлық топқа үлгермеуі мүмкін. Файл дегеніміз не? Файлдың атауы неше бөліктерден тұрады? Бума деген не? Таңбаша деген не? Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау	Оқушыларды топтарға бөлуге арналған суреттер. Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау,толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. «Еркін талқылау» сұрақтары.

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>Ширату тапсырмасы. «Жеміс себеті» Топ шеңбер құрып орындықта отырады. Оқушылар берілген ресурс бойынша түсінгендерін айтып шығады. □Терезе дегеніміз не? Терезенің қандай түрлері бар? Не себепті терезе батырмаларының қызметін толық білу маңызды? Терезенің төменгі жақтауларында орналасқан қарау жолақтары не үшін қажет?</p> <p>Image not found or type unknown</p>  <p>Дескриптор: Компьютерлік программаларда меню командаларын қолданады. Терезе түрлерімен танысады. Мәтінді Блокнот программасында тере алады. адамдар неге тату өмір сүру керек екенін түсінеді. ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау. Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау</p>	<p>Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.</p> <p>Белсенді оқу тапсырмаларына арналған сұрақтар.</p> <p>Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.</p>
Сергіту сәті «Психологиялық бой»	Барлық қатысушылардың көзін байлап, бойлары қысқадан ұзынға қарай орналасу тапсырылады. Сөйлесуге тыйым салынады. Кім өзінің бойының шамасын дұрыс бағамдады? Кім бойын ұзын, қысқа деп ойлап орнын таба алмады? Анықталады.	Оқушылар сергіту сәтін жасайды.

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы	<p>Жаңа білім мен тәжірибені қолдану Топтық жұмыс. «Галлерияда ой шарлау» Берілген тақырыпта топтық жұмысы жүргізіліп, әр топтың жұмысы қабырғаға ілінеді де, оқушылар жүріп, аралап, оған әр оқушылар кішкене жапсырма қағазға бағасын беріп, пікірін жазып жабыстырып кетеді. Ең жақсы баға алған топтағы мүшелері өз суретін ашып Рефлексия (жеке,жұпта,топта) «Білім ағашы»</p>  <p>Білім ағашына жапырақтар ілу Түсіндім -жасыл жапырақ, сұрағым бар- көк жапырақ, түсінбедім – қызыл жапырақ.</p>	<p>Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау,толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.</p> <p>«Плюс, минус, қызықты» тапсырмаларға арналған кестелер</p> <p>Білім ағашының суреті, стикер.</p>